

Дұрыс бағыт

Террорға қарсы іс-қимыл
– ортақ міндет



Қазіргі таңда қоғамдағы ең өзекті мәселенің бірі – терроризм. Жастардың жат ағым жетегінде кетпеуі үшін жыл сайын жоғарғы мектеп оқушыларына арнайы іс-шара ұйымдастырылуда. Орталық балалар кітапханасының кітапханашысы Бәтимә Оспанова Ғаббас Жұмабаев атындағы мектеп гимназиясының 10 «а» және 10 «ә» сынып оқушыларымен «Террорға бірге қарсымыз» атты ескерту сабағын өткізді.

Мағыналы іс-шарада презентация көрсетіліп, оқушыларға телефон бойынша қауіп төнген кезде, күдікті зат табылған жағдайда қандай әрекет

жасау керек екені айтылды. Қаңтар айында болған оқиғалар жайлы да айтылып, оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Қазақ халқы ертеден бірліктің, ынтымақтың маңызын жете түсінген. Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінен, хақ жолынан адастырып теріс бағытқа тартуға тырысуда. Діни ахуал, діни экстремизм мен терроризмге тоқтауыл қойып жастарды Отанды туған жерді сүйеге, әр жүректе патриоттық сезімді ояту үшін жастарға дұрыс бағыт-бағдар беруіміз керек.

Бәтима ОСПАНОВА,
балалар кітапханасының
кітапханашысы